

**"Табиғи монополиялар субъектілерінің өзге қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы өтініштерін ұсыну және оны қарау ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының  
2005 жылғы 4 наурыздағы № 70-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 392-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 9 қаңтарда № 7369 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 216-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 19.07.2013 № 216-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Табиғи монополиялар субъектілерінің өзге қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы өтініштерін ұсыну және оны қарау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 4 наурыздағы № 70-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3516 нөмірімен тіркелген, «Ресми газеттің» 2005 жылғы 30 сәуірдегі № 18 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің өзге қызметті жүзеге асыруға келісім беру туралы өтініштерін ұсыну және оны қарау ережесінде:

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«3) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

6 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) өткен жылдағы Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін талдау, оның ішінде бухгалтерлік теңгерім оған берілген түсіндірме жазбамен, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақшаның қозғалысы туралы есеп, аудиторлық есептің көшірмесі, ағымдағы жыл ішіндегі Субъектінің қаржылық ахуалы туралы мәліметтер, оның ішінде Субъектінің қызмет түрлері бойынша бөлінісіндегі

кірістері мен шығыстары туралы мәліметтер, жоспарланып отырған өзге қызметтен болжанып отырған кірістер мен шығыстар және Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері (егер өзге қызмет алғаш рет жүзеге асырылған жағдайда) туралы мәліметтер;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Субъект көрсетілетін қызметтерден (өндірілетін тауарлардан), оның ішінде өзге қызметтен алатын табысының көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың) түрлері бойынша алдыңғы және ағымдағы күнтізбелік жылдардағы е с е б і ; » ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) өзінің қызметін бір жылдан кем жүзеге асыратын, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-тармағында көрсетілген Субъектілерді қоспағанда, соңғы аудиторлық тексеру есебінің және оған қосымшаның көшірмесі;»;

6-1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) өзінің қызметін бір жылдан кем жүзеге асыратын, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-тармағында көрсетілген Субъектілерді қоспағанда, Субъектінің соңғы аудиторлық тексеру есебінің және оған қосымшаның кө ш і р м е с і н ұ с ы н а д ы . » ;

11-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Субъект барлық құжаттарды ұсынбаса не ұсынылған құжаттардағы ақпарат дұрыс болып табылмаса өтінішті қабылдамайды.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Уәкілетті орган өтінішті алған күнінен бастап оны отыз күннен кешіктірмей қарайды және Субъектіге қабылданған шешім туралы жазбаша н ы с а н д а х а б а р л а й д ы . » ;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Егер уәкілетті органға қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, соңғысы оны Субъектіден сұрата алады және өтінішті қарау мерзімін осындай сұрату өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарламамен бірге өтінішті алған күнінен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей өтініш берушіге жолдаған кезде күнтізбелік отыз күнге ұзарта алады.».

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою жұмысы департаменті (А.Т.Жапсарбай) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е.Сүлейменова) осы бұйрық Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін және жарияланғаны туралы мәліметтерді кейіннен Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (М.Ш. М у к у ш е в а ) т а б ы с е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Б.И. Досмұхамбетоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*Н. Алдабергенов*